

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

15. РГАСПИ. Ф. М. - 17. Оп. 3. Д. 1246. Л. 3.
16. РГАСПИ. Ф. М. - 17. Оп. 3. Д. 1246. Л. 10, 11.
17. РГАСПИ. Ф. М. - 17. Оп. 3. Д. 1246. Л. 22.

Подсекция 9.2 Археология и этнология

ӘОЖ 94(674)

М. ДУЛАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Балчих Айтолкын Омирбекқызы

aika_07_1994@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының 4 курс
студенті, Астана қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Қ. Сәрсембина

XX ғасырдың басы қазақ қауымының, ұлы дала халқының да рухани жағынан серпіле бастаған шағы. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, патшалық Ресейдің қазақ даласында отаршылдықты күрт күшейтіп, шаруашылық жағдайы онсыз да оңала алмай келген бодан елге тізесін батыра түскен жылдар болатын. Өткен ғасырдың аяқ кезінде атақты Столыпин реформасынан кейін қауымнан босатылған орыс шаруалары жаппай қазақ өлкесіне көшіріліп, патша үкіметінің зарлығымен, жергілікті халықтың ең шұрайлы жерлерін жаңа қоныстанушыларға тартып алды. Бұл жағдай қазақтың зиялы азаматтарының туған халқына араша түсуге ықпал етті. Ұлт жанашырлары елін тығырықтан алып шығар жол іздестіріп шарқ ұрды. Сол қапастан құтылудың ең бірінші қадамы-алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып, білімге, ғылымға, мәдениетке қарай жүру деп білді. Олар өздеріне дейінгі ағартушы ағаларының дәстүрін жалғастырып, қалың бұқара арасында осы бағытта насихат жұмысын өрістете бастаған. Бастапқыда осындай ағартушылық сарында туындап, кейін саяси сипат ала бастаған бұл қозғалыс-патшалықтың саяси дағдарысқа ұшырауы, елдің әртүрлі аймақтарында ұлт-азаттық, либералдық-демократиялық бағыттағы сана-сезімнің ояна бастауы жағдайында анық әлеуметтік құбылыс дәрежесіне көтерілген. Міне, осындай тарихи ахуалда ел ішінде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүргендердің бірі Міржақып Дулатов.

Міржақып Дулатұлы-қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, этнограф, ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы жалынды күрескер. Міржақып ерте есейген, ақыл көзі жастайынан ашылған жас жігіт төңірегіне тереңдей қарады да жүрегінің жүдеу тартқанын сезінген. Кең далада алаңсыз өмір сүріп, мал бағып қана жатқан қазақ жұрты барлық жағынан қамсыз еді. Бала Міржақып А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсариндердің шығармашылығымен кеңінен танысады. Сондай-ақ, А.Пушкин, М.Лермонтов, И.Крыловтардың еңбектерін зерттеген. Ол өзінің табандылығының арқасында орыс тілін жетік меңгеріп, орыс жазушыларының шығармашылығымен, кейін тіпті шетел жазушыларының шығармашылығымен танысқан. Оның пір тұтатын адамдары Фирдоуси, А.Яссауи, А.Фирас болды [1, 6 б.]. Оның тағы да бір өзгелерден ерекшелігі-ол өз ұлттың шын жанашыры, сол шынайылығының арқасында болашақты жарқын елестетіп, жанкештілікпен атқарған зор еңбегінің нәтижесінде тұншығып жатқан кеудені оятқан. Көңілі сергек, көкірегі ояу жас мұғалім халықтың тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік мәселелерден оқшау қала алмағаны заңды құбылыс. М.Дулатов кезінде қазақ газеттері мен «Айқап» сияқты журналға өте белсене қатысып, алдыңғы буын ағаларының өнелі ізін басқан. Сонымен қатар Міржақып А.Байтұрсынов сияқты жастарды тәрбиелеу жөнінде де көп ойланып, көп еңбектенген, халықтың пайдалы әдеп, әдет-ғұрпын сақтауға, елін, жерін

сүйетін тәрбие беруге мұрындық болған қайраткер. Ол дінде де, ілімде де түсінбей оқытатын қара дүрсін қазақ молдаларын да қатты сынаған.

Олардың алғашқыларының бірі-Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы!». Атақты осы жинағымен ел жүрегіне терең із қалдырған Міржақыптың қиын-қыстау өмірі, қиын да мәнді тағдыры рухани тарихымыздың белгісі. Енді ғана ақталып, тынысы енді ашылған М.Дулатов шығармашылығы ұлттық рухымыздың еңсесін тағы бір биіктетіп тастады. Оның тарихи, мәдени-әлеуметтік тақырыптардағы көкейтесті ойлары, терең қозғалған мақалалары күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпаған. Тынымсыз ізденіс үстінде жүріп, алға ұмтылып, әртүлі тақырыпта қалам сілтеген. Поэзияға қаламы төселіп, өріс жая бастағаннан соң, проза саласында да өзін сынап, 1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» деген атпен қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш романды дүниеге әкелген. Бұл шығарма қазақ топырағында алғашқы өлең жинағынан да тосын жаңалық болған. Халықтың өз өмірінен алынып, өз тілінде қарасөзбен жазылған бұл сияқты оқиғалы шығарма бұрын соңды болмаған. «Бақытсыз Жамалында» қазаққа роман керек екендігін айта отырып, өзіне осыны міндет етіп алады. Сондай-ақ, қазақтың сол кездегі хал-жағдайын бір ғана Жамал қыздың өмірімен сипаттап шығады. Қазақы отбасы, әйел адамның әлеуметтік орны, қыз баласының тағдыры, бай баласы, қыз айттыру, қалың мал, барымта, мансапқұмарлық, надандық, шынайы махаббат, сүйіспеншілік, бәрін де осы шығармада баяндады. 1922 жылы жарық көрген 4 перделік драмасы «Балқия» атты пьесасында Балқия есімді сұлудың өмірі, қалыңмалды көбірек берген адамға қызды бере бергендігі жазылады. Ал, дәл осы драманың төртінші перденің бірінші көрінісінде қазақ қызы Балқияның бейнесін: «Басында тақия, оның үстінен жеңіл жібек шәлі жамылған. Үстінде қазақша пүліш бешпент, аяғында бәтеңке», - деп сипаттайды [2, 263 б.]. Бұл шығармада қазақ қоғамының бір түйіткілді мәселесі- қазақ қызының орны, бақытсыз тағдыр, қос ғашықты күшпен айырып алу, көре алмаушылық, шен-шекпенділердің жүргізген арамза пиғылы толықтай қарастырылады. Қыз тағдыры, әйел затының теңсіздігін «Екі қыздың мұңы» әңгімесінде де мысалға келтіріп жазады. Әңгімеде Нұрила мен Ұлболсын есімді қыздардың ішкі мұңы, жан айқайы баяндалады. «Сол қыздың атын ұмыттым» деген шығармасында тағы әйел затының теңдігі мәселесін қозғайды. Осы әңгімесіне де «қыз бостандығы» арқау болып тұр. 1907 жылы жарық көрген «Жесір дағуалары хақында» атты шығармасында да қозғалады. Бұл туындыда бесікте жатқан жаңа туған баланың мейлі ол қыз болсын, ұл бала болсын, екі жақтың ата-анасы құда болып қоятындығын, балалар өскенше қанша уақыт өтіп, олардың бірін-бірі сүймей қалса, оларды әуел баста ата-анасының қосып несі бар екен деп күйінеді. Ал, «Жоғалған қыз» өлеңі жоғалып кеткен қызды бүкіл халық болып іздеп жатқандығын, бір түн, бір күн өткендігін жазады. Бірақ, ол қыз жалғыз болғанымен, оны иесі-жүз екендігін айтады. Осы өлең арқылы ол қазақ қоғамы үшін әр қыздың орны әр уақытта да маңызды екенін білдірген. «Ақ жолдың» 1921 жылдың 19 қаңтарындағы 16-шы нөмерінде «Азамат» деген бүркеншек есіммен әйел теңдігі жөнінде мақаласын береді. Мақалада өзіміздің сүйекке сіңген ескі әдет-ғұрпымыздан болған үлкен кемшіліктеріміз толып жатқандығын, солардың бірі- әйелді кемдікте ұстау.

«Шағымында» жалпы қоғамдағы адамдық қасиеттер хақында ой қозғайды. «Таршылық халіміз хақында аз мінәжат», «Сайлаулар хақында», «Жастарға», «Қазақтың ру басшыларына», «Атқамінер сұмдарға» деген өлеңдерінде елдің тұрмыс-тіршілігін, ұлттық дәстүр мен салтты, адам өмірін жырлаған. Әр шығармасында ұлттық рухты көтеруге, ұлт болмысының асылын сақтауды мұрат тұтқан. Өз заманының қиын-қыстау кезіне қарамай, қазақтың асқақ рухының сөнбеуін тілеген. «Шешенің балаларын сүюі» атты өлеңінде дәстүрлі бесік жырының кейбір белгілері бар бұл шағын өлеңді ақын өзінің ұстаздық қызметіне пайдалану үшін жазуы да ықтимал. Онда ананың перзент тәрбиесіне сіңірген еңбегін, балаға деген аналық мейірі мен сүйіспеншілігін, бала ержетіп ана қолынан шығып кеткен кездегі сағынышын, болашағы жөнінде ойарманын көрсету арқылы баланың ана алдындағы борыш-қарызын да еске салып өткендей. «Кәкең, Сәкең», «Читаю, писаю», «Үш құлақ», «Қуанышты күн», «Тік бақайлар», «Біздің болыс жарайды», «Ішік қайырлы болсын!»

атты әңгімелерінде болыстар түр-сипаты, қызметін асыра пайдалануы, жағымпаздардың тілінің арқасында тапқан пайдасы, болыстың қуанышты күндері, қара ниеттілігі жайында сөз қозғайды. М.Дулатов 1914 жылдың 23-ші шілдеде «Қазақ» газетінде жарық көрген «Абай» мақаласында классикалық поэзияға деген пікірін білдіреді. «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар. Бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз-Абай» [3, 31 б.]. М.Дулатовтың шығармашылығының күшімен ел қиын-қыстау кезеңде белін бекем буа білген. Ол туралы Қазақ КСР-ң халық артисі, өз де ауыртпалықпен күн кешкен Шахан Мусин: «Поэзия Дулатова помогла мне и многим товарищам выжить в суровые лагерные годы»-деп еске алады [4, 25 б.].

Ауыл мұғалімі Міржақыптың әлеуметтік-саяси көзқарасының қалыптасуында, ой-өрісінің кеңейіп, ішкі сенімдерінің беки түсуінде бұл сапардың шешуші маңызы зор болған. Саяси күрескерліктің алғашқы сабақтарын Омбы мен Қарқаралыда Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов мектебінен алған Міржақып астанаға барғанда одан әрі кеңейтіп, пысықтай түсе түскен. Сол замандағы ұлттық, демократиялық қозғалыстың басқа да бірсыпыра қайраткерлерімен жүздесіп, танысады. 1907 жылы 28 наурызда Ш.Қосшығұловтың қаражатына, А. Ибрагимовтың басшылығымен «Серке» газетінің алғашқы номері, татарлардың «Ульфат» газетінің қосымшасы ретінде жарық көреді. Бұл газет қазақ жастарына арналған еді. Газеттің алғашқы номерінде М.Дулатовтың қазақ жастарына арналған «Жастарға» деген өлеңі басылып шықты [5, 473 б.]. Ал, осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санында М.Дулатұлының қаламынан шыққан «Біздің мақсатымыз» атты бас мақаласы болған. Газеттің шықпай жатып тоқтатылуына басты бір себеп те осы мақала болса керек. Өйткені, осыдан екі жыл кейін жарық көрген «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы тәркіленіп, автор патшалықтың әкімшілігі тарапынан саяси қуғынға ұшыраған кезде, жандарм қызметкерлерінің тағатын негізгі кінәсінің өзі-сол Петербургте тұтқындалған, газет мақаласының идеяларын әрі қарай уағыздағандығынан деп көрсетеді. Демек, айталмыш мақаланы сол кездегі қазақ арасында қалыптасып келе жатқан қоғамдық ой-пікірлердің, қазақ даласында анық бой көрсеткен әлеуметтік қозғалыстың көрінісі деуге болады. Болашақ кітабының арқалайтын әлеуметтік жүгін айқын түсінген ақын оны дереу Уфа қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен 1909 жылы бастырып шығарады. Осы жылы қазақ халқының өз тілінде, оның болашақтағы жаршысындай, көркемдік ойлау мүмкіндіктерінің алғашқы қарлығаштарындай болып үш бірдей өлең кітабының баспа жүзінде жарық көруі-біздің рухани, мәдени өміріміздің болашағы үшін болған тарихи оқиға. «Оян, қазақ!» 1902-1911 жылдары, «Азамат» 1912-1914 жылдары, «Терме» 1913 жылы жазылып, басылып шығарылған жинақтары. Бұдан басқа да басылып шығарылмаған туындылары бар. Жақып Ақбаевтың қолдауымен Семей губерниялық сотына тергеуші боп орналасқан Міржақып қызметке құлшына кірісті. Жан-жақты түскен арыз-шағым көп, қазақтың ежелден келе жатқан жесір дауы, жер дауы, мал дауы, мүлік дауы балалап барады. Ол әр жылдары «Қазақ» газетінде (Оренбург), «Ақ жолда» (Ташкент), Оренбургтағы халық білім беру институтында сабақ беріп, Қазақстанның мемлекеттік баспасында саяси редактор болып қызмет атқарған[6, 165 б.].

Қыр өлкесінің ағартушылық-демократиялық бағыттағы басылымы-«Қазақ» газетін шығару жөніндегі А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың бірлескен қызметі осы кезде басталған. Өздерінен бұрынғы жұмыстардың кем-кетігін ескере отырып, соны одан ары қарай қалай дамыту керек деген сияқты сансыз көп мәселелерді шешу арқылы ғана жүзеге аса алатын газет жұмысын қолға алған жандардың алдында тұрған қияметтей қиындықтары да көп еді. Бірақ тәуекелге бел байлағаннан соң, адам қандай істің де тауқыметіне көнеді ғой. Қажымас қайрат пен талмас табандылықтың арасында 1913 жылдың 2 ақпаны күні Каримов-Хусаиновтар баспаханасынан, қазіргі кезде аты аңызға айналған «Қазақ» газетінің бірінші саны жарық көрген. Алғашында 3 мың дана болып басылған газеттің таралымы бір жылдың ішінде 8 мыңға жеткен. «Қазақ» газетін жаздырып алу жергілікті байлардың, би-

болыстардың, хат танитын барша қазақтың беделін, мәрттілігін, мәдени дәрежесін анықтайтын дәстүрлі мәселесіне айналған. Ұзақ жылдар бойы себепсіз тыйым салынып, халықтың рухани өміріндегі орны мен рөлі мүлде сызылып тасталған осы газеттің бұқараны оқуға, білімге, ғылымға, дамуға шақырумен қатар, патша әкімшілігінің отарлау саясатын да батыл әшкерелеп отырған анық демократияшылдық бағытта болғаны айқын көрінеді. «Қазақ» газеті мен оның белді қызметкері М.Дулатов атқарған істердің тарихи маңызы өте зор болды. Газеттің бас редакторы А.Байтұрсыновпен бірге, оның орынбасары, редакцияның жауапты хатшысы сияқты міндеттерді қоса атқарған сенімді серігі М.Дулатұлының қосқан үлесі де ұшан-теңіз. «Оян, қазақтан» бергі кезеңде жазылған өлеңдерін 1913 жылы Орынборда «Азамат» деген атпен жинақ етіп шығарып, 1914 жылы «Бақытсыз Жамалды» Қазанда қайтадан бастырып, 1915 жылы «Терме» атты жинақпен «Оян, қазақтағы» өлеңдерін Орынборда тағы бір жаңғыртып, өзінің ақын-жазушылық, зерттеушілік тұғырын әбден нығайтып алған. М.Дулатұлы қаламынан туған осындай татымды мақалалар ішінде ұлт тәуелсіздігі, жалпы әлеуметтік өмір, экономика, мәдениет, әдебиет, тарих, дін мәселелерінен бастап, тіпті сол кездегі халықаралық жағдайға дейін қамтыған.

1923 жылы «Қызыл Қазақстанның» 16-шы нөмерінде «Дін һәм ғылым» атты мақаласы жарияланып, онда адам баласының дінге ғылым арқылы ғана қадам жасауын жазады [7, 79 б.]. «Еңбекші қазақтың» 1926 жылғы 10 желтоқсанындағы санында «Әзірет Сұлтан мешіті» мақаласы соған дәлел. Ол ең алғаш рет 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетіне Қожа Ахмет Иасауи кесенесі туралы мақала жазған. Бірегей сәулет ескерткішінің салыну тарихын, қайталанбас құрылыс ерекшеліктерін, оның айналасында болған талас-тартыстарды, оның қорымында жерленген атақты адамдарды, тағы басқа жайттарды егжей-тегжейлі жазған. «Қазақ халқына діни бір уағыз» атты өлеңінде заманға қарай моллалар наданы, көбі қара қазақтан жаман, білер-білмес оқумен молла болып, орынсыз сөзге ұмтылып көбі және тағы ұрыншақ, «білмеймін» деп бір дұрыс шешім де қабылдай алмай, «шала молла» болып, дін бұзар деп қиналады [8, 36 б.].

Міржақып Дулатұлы сынды халқының зиялы азаматы қазақтың көзі ашық, санасының ояу болуына, ұлтының ұлтжандылық рухының асқақ болуына үндеді. Қазақ даласындағы өзгерістер көптеген дара тұлғалардың қазақ ойының көгіне көтерілуіне мүмкіншілік жасады. М.Дулатұлының шығармаларындағы басты ерекшелік - XX ғасырдың басында пайда болған ағартушылық ниеттен туған жаңа ой-тұжырымдар еді. М.Дулатұлының сыни көзқарастары мен зерттелген шығармаларының, мақалаларының өн бойындағы қазақ ұлтының ұлттық мәдени-рухани болмысын ашып көрсететін бірнеше бағытқа бөлуге болады. Олардың алғашқысы-ұлтын сүюі. Ұлтын сүйген ұрпақ тәрбелеп, ұлт жанашырын қалыптастырғанда ғана қазақтың босағасы берік болатыны анық. Екінші ислам діні-қазақтың дәстүр-салтымен сәйкестендіре отырып, ғылыммен мұсылмандыққа жол ашқанда ғана қазақ рухани күшке ие болады. Үшінші әйел теңдігі, әйел-ұрпақтың тәрбиешісі, бесік тербетушісі, ұрпағымыздың саналы, ақылды болу берілген тәліммен тікелей байланысты. Төртінші оқу, білім, өнер. Ғылым-білімсіз алға басу, алдыңғы қатарда болу мүмкін емес. Адам баласы адам баласынан ақыл, біліммен ғана озбақ. Бесінші тіл мәселесі, тілін жоғалтқан жұрт, өзі де жоғалуға дайын тұратыны хақ. Осы бес асыл мұратымызды сақтай отырып, Мәңгілік ел ретінде кемел келешекке қадам баса аламыз. Ұлттық идеямыздың тұғыры да осы айтылғандарға келіп тіреледі. Ұлттық идея дегеніміз – азаттық. М. Дулатов сынды ұлт зиялылары азаттық үшін құрбан болды.

Қолданылған әдебиет:

1. М. Дулатұлы. «Оян, қазақ!» - Алматы: «Пресс», 1991, 80 бет.
2. М. Дулатұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / Құрастырған: Г.Дулатова, С.Иманбаева. –Алматы: Мектеп, 2013, 368 бет. - «Алаш мұрасы» сериясы.

3. Исмакова А.С. Возвращение плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауезова. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002, 200 с.
4. Джуанышбеков Н. Мыржакып Дулатов : очерк жизни и творчества : в помощь учителям казахской литературы, школьникам, студентам. - Алматы: «Искандер» [б. и.], 2004, 27 с.
5. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құраст: Д.Әшімханов.-Алматы: Жалын, 1992, 544 бет.
6. Султанбеков М. Синий Меридиан алашорда Аттила. Семей, «Семей печать», 2013, 325 с.
7. М. Дулатұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том: Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері / Құрастырған: Г.Дулатова, С.Иманбаева. –Алматы: Мектеп, 2013, 400 бет. - «Алаш мұрасы» сериясы.
8. М.Дулатов шығармалары: Өлеңдер, кара сөздер, көсемсөз. Қаз. ССР Ғылым акад., Әуезов атын. Әдебиет және өнер инс-ты; Құраст. М.Әбсеметов, Г.Дулатова, алғы сөзін жазған Ж.Ысмағұлов.-Алматы: «Жалын», 1991-384 бет.

ӘОЖ 94(674)

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТОРҒАЙ ӨҢІРІ ЭТНОГРАФИЯСЫ

Бөстекбаева Айгерім Серікқызы

Aikerim.kz@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының

4 курс студенті, Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: А. Бикенов

Қазақстан – қазақ елінің ата –мекені. Өскен жері, өзен-көлі, тау мен тасы, ну орманы бірігіп бір тұтас мекенді құрайды. Осы мекенді келер ұрпаққа аманат етіп кеткен біздің ата-бабаларымыздың өткен өмірі, кешкен тіршілігі бізге аңыз әңгімелер мен жырлар арқылы жазылып қалған. Байтақ елдің кешегі жаугершілік замандардан аман- есен қалуы перзенттерінің даналары мен дараларының ерен еңбегі мен көрегенділігі мен білімділігінің арқасы. Атамекен ата-баба мекені қазақ тарихынан кішкентайда болса өзіндік орын алған қарт Торғай елінің тарихы тереңде жатыр. Торғай қаласы – ұлы даланың төсіне таққан алқасы, тарихтың алтын сандығы іспеттес. Онда халқымыздың сұлу тарихы сақтаулы. Бұл дала ықылым дәуір даласы қарт Торғай даласымен жалғасып жатыр. Қырқасында ақбөкен мен елік ойнап, көлде аққу ұшып, қаз қонған киелі кәрі Торғай жайлы қазақтың ақиық ақыны Ғафу Қайырбеков:

Көшелері құрғақ өзен арнасындай,

Қала едің кәрі шуда нар басындай.

Ішіне оқиғаны тиіп-сықап,

Тарихтың қойып кеткен арбасындай, - деген бір ауыз өлеңмен оның сыр-сипатын ашып берген еді. Торғай даласынан істерін отансүйгіштікке үлгі етер, өнеге тұтар ондаған азаматтар шыққан. Батыр қолбасшы, ел бірлігін қорғаған саясатшы, мәмілегер Шақшақ Жәнібек. Ұйқыдағы елін бірі маса болып шағып, бірі «оян, қазақ» деп ұрандаған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов сынды Алаш көсемдері. Ел егемендігі жолында күрескен Әліби, Аманкелді, Кейкі сынды ержүрек батырларымыз. Поэзияның сәні де, нәрі де болған ақындар: Әбіқай, Нұрқан, Ахметхан, Қайнекей, Сырбай, Ғафу, Кеңшілік ... Бұлар - Торғай азаматтары, осы өңірде туып, азаматтық істерге осы жерден қанаттанған. Сондықтан